

Раздел «Транспорт. Строительство. Экономика»

Обобщая вышеизложенное, можно отметить, что для успешного внедрения в строительство новых технологий, необходимо, в первую очередь, изменить

стереотип подхода строителей к вопросу применения цемента в зависимости от назначения бетонных и растворных материалов.

Таблица 2 – Химический состав клинкера цементного завода АО «ЦентралАзияЦемент»

Содержание окислов, %						Потери при прокаливании, %
SiO ₂	Al ₂ O ₃	Fe ₂ O ₃	CaO	MgO	SO ₃	
20,36	7,12	3,18	66,41	0,71	0,42	0,45

Таблица 3 – Прочность модифицированного шлакопортландцемента

Номер состава	Содержание шлака, %	Марка цемента по составу	Прочность на сжатие, МПа, после пропарки	Марка цемента по ГОСТ 10178-85
1	20	D20	26,0	ПЦ 400-2**
2*	20	D20	45,2	ПЦ 600-1
3	30	D30	28,4	ШПЦ 500-2
4*	30	D30	37,6	ШПЦ 600-2***
5	30	D30	41,4	ШПЦ 600-1
6	40	D40	29,0	ШПЦ 500-2
7*	40	D40	35,5	ШПЦ 600-2
8*	40	D40	38,9	ШПЦ 600-1
9	60	D60	23,0	ШПЦ 400-2
10*	60	D60	36,0	ШПЦ 600-2
11*	60	D60	46,1	ШПЦ 600-1
12	80	D80	16,0	ШПЦ 300-3
13*	80	D80	34,8	ШПЦ 500-1
14*	80		39,6	ШПЦ 600-1

* Модифицированные цементы;

** Группа по эффективности пропаривания;

*** Максимальная прочность для шлакопортландцемента по ГОСТу соответствует марке М500, в нашем случае марка достигает М600.

**ӘОЖ 331.57(574)=512.122
ТӘЖІБЕКОВА К.Б.**

Кедейшілік және жұмыссыздық мәселелерін шешудегі «Жол картасы» бағдарламасының алар орны

Кандай елде болмасын кедейшілік және жұмыссыздық мәселесі әрқашан болып тұрады, бұл табиғи құбылыс десе де болады, бірақ әр мемлекет осы мәселелерді шешуде өзінің белсенді немесе пассивті саясатын жүргізе алады. Осы жүргізілген саясатқа қарай бұл мәселелерді тиімді шешу жолына қол жеткізуге болады. Ең алдымен, бұл мәселелердің мемлекеттің дамуына көрін тигізіл, елдегі адамның дамуын төмендетеді, сол себепті бұл мәселені зерттеу әрқашан өзекті мәселе болып табылады. Біздің елдегі жасалып жатқан он шараларды қарастырmas бұрын, осы мәселелердің жағдайына сипаттама беріп көрейік. Келесі кестеде кедейшілік жағдайын сипаттайтын негізгі көрсеткіштер динамикасы екі жыл бойынша сипатталған.

2009 жылдың мәліметі толық есептелмегендіктен

2007-2008 жылдардағы көрсеткіштерді сипаттайық. 2008 жылы откен жылға қарағанда кедейшілік деңгейнің жалпы алғанда 1 пайызға төмендегенін көруге болады. Әрине бұл өтеге де деңгей, оған карамастан елімізде кедейшілік деңгейнің құрайтындар әлеуметтік қолдауды қажет ететін халық тобы болып табылады, соңынан мемлекет 2010 жылдың 1 қантарынан бастап өмір сүру минимумы, ен төменгі сәнбек акы және барлық жердемекі мөлшерлерін көтерді. Атап айтатын болсақ, ен төменгі сәнбек акы мөлшері 2009 жылы 13700 теңгени құраса, 2010 жылдың 1 қантарынан бастап 14952 теңгени құрады және бұл мөлшер өмір сүру минимумына теңесті. Осылан сәйкес айлық есептік көрсеткіш 2009 жылданы 1270 теңгеден 2010 жылы 1413 теңгеге дейін көтерілді.

1 – кесте – Казахстан Республикасындағы кедейшілік көрсеткіштері, %

	Табыстары төмен халық улесі		Кедейшілік терендігі	Кедейшілік күрделілігі	Джинни коэффициенті	Қор коэффициенті
	өмір сүру деңгейі	сәйкесті азық түлік коржыны				
2007	12,7	1,4	2,4	0,8	0,309	7,17
2008	12,1	1,2	2,3	0,7	0,288	6,17

Зейнетакы мөлшерлері де көтеріліп, 2010 жылы мемлекеттік базалық төлемі 5981 теңге құрап, ең тәменгі зейнетакы мөлшері 12344 теңгеге жетті.

Осы көрсеткіштердің есіүмен қатар, келесі себептерге байланысты әлеуметтік төлемдерде көтеріледі:

– еңбекке қабілестілігін жоғалту бойынша 26405 адам алды екен, олардың жәрдем ақыларын көтеру үшін бюджеттен 151770 мың теңге қаражат қажет, яғни әр адамға шаққанда ай сайын тек 500 теңгеден қосылады деп есептеуге болады;

– азыраушысынан айрылу бойынша 9295 адам алды, олардың жәрдемақыларын көтеру үшін 79516 мың теңге қаражат қажет, ол әр адамға шаққанда әр ай сайын 712 теңгеде ақша қосылады.

Накты ақшалай табыстарды қарайтын болсақ, 2010 жылдың қантарында 2009 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 11 пайызға өсіп, 35251 теңгеннің құрады.

Ендігі кезекте ең тәменгі күнкөріс мөлшерінің өзгеруін қарастырайық.

КР Статистика агенттігінің деректері бойынша негізгі тамақ өнімдерін тұтынудың ең тәменгі нормаларынан есептелген, облыс халқының жан басына орта есеппен алғандағы, күнкөріс мөлшері 2009 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 0,3%-та жоғарылап (КР бойынша – 0,7%-та), 11045 теңгенні (азық-тұлік тағамдары – 6627 теңгенні, азық-тұлікке жатпайтын тауарлар мен ақылы қызметтер – 4418 теңгенні) құрады, республикалық орташа көрсеткіш 12262 теңге болғанда. Ең жоғары күнкөріс мөлшері Алматы қаласында (15467 теңге), ең тәмені – Оңтүстік Қазақстан облысында (10697 теңге) байқалды.


Осы кедейшілік дейнгейіне тұра әсер ететін негізгі фактор жұмыссыздық болып табылады, осы мәселенің жағдайын сипаттайық.

2010 жылы еткен жылмен салыстырғанда жұмыссыздар саны 10,1 пайызға өсken, сәйкесінше бұл елдің әмір сүру деңгейінің тәмендегенің сипаттайды. Ал енді жұмыссыздық деңгейін қарайтын болсақ, ол 2010 жылдағы екі айды сипаттасақ, оның 0,1 пайызға өсkenін көруге болады.

2 – кесте – Ең тәмен күнкөріс мөлшері, бір айға есептегендеге, теңгемен


	Жан басына орта есеппен алғанда			
	2008ж. желтоқсан	2009ж. қантар	Қантар %-бен	
			2008ж. желтоқсанда	2008ж. қантарға
Қазақстан Республикасы	12179	12262	100,7	108,6
Ақмола	11269	11284	100,1	108,5
Ақтөбе	12401	12404	100,0	108,6
Алматы	12401	12404	100,0	108,6
Атырау	13057	13047	99,9	100,8
Батыс Қазақстан	11153	11208	100,5	109,1
Жамбыл	10784	10836	100,5	105,4
Қарағанды	11012	11045	100,3	107,1
Қостанай	11306	11324	100,2	113,6
Қызылорда	12096	12177	100,7	112,9
Манғыстау	15142	15221	100,5	112,7
Оңтүстік Қазақстан	10671	10697	100,2	107,8
Павлодар	10783	10794	100,1	111,1
Солтүстік Қазақстан	11519	11525	100,1	113,8
Шығыс Қазақстан	11455	11491	100,3	112,7
Астана	14358	14495	101,0	112,9
Алматы	15193	15467	101,8	103,1

Жұмыссыздар саны, мың адам



1 – сурет – Жұмыссыздар санының динамикасы

Жұмыссыздық деңгейі, %



2 – сурет – КР жұмыссыздық деңгейі

Осы мәселелерді шешуде елде «Жол картасы» бағдарламасы 2006 жылдан бастап қолданыла бастады, елде тек жұмыссыздық пен кедейшілік мәселесін шешіп қоймай, тұтастай елдің илік жағдайына әсер ететін бағдарлама 2009-2011 жылдары өзінің екінші кезеңін бастады. Оның нәтижесінде келесідей көрсеткіштерге кол жеткіздік.

Мемлекет басшысының сындарлы саясатының нәтижесінде ел экономикасының дамуына ықпал ететін маңызды бағдарламалар кезең-кезеңімен өмірге жолдама алып отыр. Осылайша қазақстандықтардың көnlінен шықкан әрі әлеуметтік жағынан корғалуын көзделген «Жол картасы» бағдарламасының орны ерекше деуге толық негіз бар.

«Жол картасының» басталуына дейін жалпы жұмыссыздық деңгейі облыста 6,8 пайызды құраса, байыпты жұмыс нәтижесінде өткен жылдың аяғында едөүр тәменедеді. Облыста инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін 19597 жұмыс орнын құруға 12,7 млрд теңге көлемінде қаржы бөлінсе, әлеуметтік жұмыс орындарын құру және жастар орындарын құру және жастар практикасы бағдарламаларын көңілтігінде республикалық бюджеттен – 728 млн теңге, кадрларды даярлау мен қайта даярлауга 1,1 млрд теңгеден астам қаржы қарастырылып, көптеген жұмыстардың тиянағы келтірілді. Мәселен, шешімін күткен 303 жоба қамтылып, оның 58-ін тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық нысандары, 95-ін жол жөндеу жұмыстары, 87-сін әлеуметтік, 63-ін қалалардағы және ауылдардағы әлеуметтік-мәдени орындар құрады. Осы аталған жұмыстарға 19847 жұмыс орны құрылып, орналастырылғандардың 82 пайызы немесе 16276 адам жұмыспен қамту органдарының жолдамасы арқылы жіберілгенін атап айткан жән.

Бағдарлама шенберінде ТКШ-ны қайта жанғырту жөнінде 58 жобаны іске асыруға бағдарламаға бөлінген қаржының үштен бір белгі немесе 4,8 млрд теңгесі жұмсалды. Нәтижесінде 67,1 шакырым сүмен жабдықтау желілері, 23,9 шакырым канализациялық жүйелер, 8 канализациялық насос стансалары, 19,9 шакырым жылу желілері жөнделіп, жылу жүйесінің 4 нысанды қайта іске қосылды және 44,6 шакырым электр желілері, 17,2 газ жеткізу жүйесі қайта жасалып, сұйық газға арналған 47 топтық қойма қалпына келтірілді. Талдықорған қаласының 7 мыңдан астам тұрғыны орталық газга қосылу мүмкіндігін пайдаланып отыр.

Бірнеше жылдан бері алғаш рет жылумен қамтамасыз ету желілерін жөндеу мен қайта қалпына келтіруге 2 млрд теңгеден астам қаржы бөлініп, Қапшағай, Талдықорған, Іле, Карасай аудандарындағы жылу қазандыктары мен жылтыу желілері жөнделді. Жол жөндеу жұмыстарына 2,8 млрд теңгелік 95 жоба іске асырылып, 394,5 шакырым жолға орташа, 459,8 мың шаршы метр жолға ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

«Жол картасын» іске асыру шенберінде 53 білім беру, 27 деңсаулық сақтау, 4 мұражай, 2 спорт және 1 әлеуметтік нысанды жөндеу және жылтыу жұмыстары қатар жүргізіліп, жағдай жақсарды.

«Жол картасындағы» басты бағыттардың бірі – кадрларды даярлау және қайта даярлау. Бұл алдыңғы жылдарға қарағанда кәсіптік білім беру жүйесінің мүмкіндігін барынша пайдалануға жол ашты. Оқуға жұмыссыз азаматтармен қатар, қосымша кәсіптік білім беру жүйесінің мүмкіндігін барынша пайдалануға жол ашты. Оқуға жұмыссыз азаматтармен қатар, қосымша кәсіп алу үшін толық емес режимде жұмыспен қамтылған азаматтар жіберіліп, 9704 адамды даярлау және қайта даярлау үшін республикалық бюджеттен 1,1 млрд теңгеден астам қаржы бөлінеді. Кадрларды кәсіптік оқыту және қайта даярлау 32 оку орында 36 кәсіп пен мамандықтың түрі бойынша өткізілсе, шетелдік жұмыс күшін алмастыруды көздейтін бір-қатар курделі мамандыктар бойынша кадрларды даярлау оку орындарының жұмыс біреушілермен көлісімшарт жасауы арқылы тікелей кәсіпорындарда жур-

гізліген айтуға болады.

Облыста дағдарыстын алдын алу, жұмыссыздықты болдырмау мақсатында облыс әкімінің 2009 жылғы «Қызыметкерлерді жаппай жұмыстан босатудың алдын-алу мәселелерін қарастыру және еңбек рыногын тұрақтандыру щарапаларын қабылдау жөніндегі жұмыс тобын құру туралы» қаулысына сәйкес «Жол картасының» жүзеге асырылуына тұрақты мониторинг жүргізіліп, бақылау орнатылады.

Әлеуметтік жұмыс орындарын құру бағдарламасы халықтың нысаналы тобының ішінен лайықты жұмыс таба алмаған санаттағы тұлғаларды жұмыспен қамтуға, ал, «Жастар практикасы» бағдарламасы жас түлектердің еңбек рыногында бағдарламалуына және жарты жыл бойы 15000 теңге көлемінде жалақы алуына мүмкіндік берді. Осылайша әлеуметтік жұмыс орындарын құруға 532 млн теңге бөлініп, 5911 адамды, жастар практикасын ұйымдастыруға 196 млн теңге бөлініп, оку орынның 2177 түлегін қамту жоспарланса, осы мақсатта 2168 кәсіпорын, ұйымдармен көлісімшарт жасалады.

Халықтың нысаналы тобының ішінен 7673 адам әлеуметтік жұмыс орындарымен қамтамасыз етіліп, «Жастар практикасы» бағдарламасы барлық аумақтарда көнінен етек алып, белсенді дамуға ие болды. Оған жіберілгендердің саны 2922 адамға жетіп, бағдарлама нәтижесінде бүтінгі күні жас түлектер өздерінен лайықты жұмыс табуға толық мүмкіндік алды және 1016 жас маман тұрақты жұмыска орналасқанын айтуға болады.

2009 жылы «Жол картасын» іске асыру еңбек нарығындағы ахуалды біршама тұрақтандыруға мүмкіндік берді, 380 мыңдан астам жұмыс орны құрылды, жұмыссыздық деңгейі 0,3 пайыздық пунктке төмөндей, 2010 жылдың 1 кантарына 6,3 пайыздық құрады. 1 млн астам адам жұмыс істейтін 8 мыңдай кәсіпорын жұмыс орындарын сақтау, қызыметкерлердің еңбек құқықтарын және кепілдіктерін сақтау жөнінде меморандумға кол койды, сонымен бірге олардың ұжымдық-шарттық қатынастар жүйесімен қамтылуы 2008 жылғымен салыстырғанда 2,5 есеге артты.

Бұл жұмыс 2010 жылы да, оның ішінде «Жол картасы» аясында да өз жалғасын табатын болады. Қазіргі уақытта инвестициялық жобалардың тізбесі, азаматтарды жұмыска орналастыру үшін жұмыс орындарын құру жөніндегі негізгі тапсырмалар мен осыларға байланысты қаржы шығындары айқындалды. Өткен жылғыдай барлық инвестициялық жобаларды жылжытудың қатаң да шынайы мониторингін қамтамасыз ету қажет. Мұнын бері ағымдағы міндеттер. Алайда елімізді жеделдетіп индустрIALIZАЦИЯЛАУ жөніндегі басты басымдықты іске асыру еңбек нарығы мен жұмыспен қамту саласын мемлекеттік реттеудің ұзақ мерзімді перспективалық бағдарламасын өзірлеуді талап етеді.

Айта берсек, мұндай игілікті істер жеткілікті. Ерине, ағымдағы жылы да бұл жұмыстар одан әрі жалғасатыны анық. Бұл бағыттағы жұмыстарға жыл басынан жан-жақты дайындық өрістетіліп келеді.

«Жол картасы» өнірдегі елді мекендердің дәулеті мен сәулетіне өзіндік қолтаңбасын қалдырумен қатар халықтың күнкөрісін жақсартып, өмірлерін өзгертті деуге толық негіз бар.

Бұл ретте адамдарды әлеуметтік корғау қатер жағдайына тап болған азаматтар мен жергілікті аткаруши органдардың арасындағы «өзара міндеттемелер» қағидатына негізделетін болады. Әлеуметтік қолдауға ие болу құқығы жұмыссыздар мен халықтың өзге нысаналы топтарының енбекке қабілетті бөлігінің жергілікті аткаруши органдар іске асыратын бағдарламаларға қатысу міндеттерімен үйлестірілетін болады. Осы мақсатқа көші-кон заннамасын еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму мұдделерінде жетілдіруге бағытталған көші-кон саясаты да бағынатын болады (казіргі уақытта «Халықтың көші-коны туралы» заң жобасы Қазақстан Республикасы Парламентінің қаруында жатыр).

Откен жылы еліміздің үш өнірінде «Нұрлы көш» бағдарламасының қанатқақты жобалары іске асырылып, 253 оралман отбасы тұрғын үлі болды. 2010 жылы осындағы қанатқақты жобалар еліміздің 6 өнірінде іске асырылатын болады. Бұл ретте, көші-конның барлық түрін (этникалық, еңбек және ішкі) реттеу жекелеген аумактардың әлеуметтік-экономикалық және демографиялық болжамдары мен бағдарламаларының деректеріне сүйенстін болады.

2009 жылы әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік көмекке кеткен шығыс 2005 жылымен салыстырғанда 2,3 есеге көбейтіліп, 812,9 млрд теңгеге жетті, немесе республикалық бюджеттің 24,1 % немесе мемлекеттік бюджеттің 21,6 % құрады. 2010 жылы әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік көмек шығыстары 922,4 млрд теңгені, 2011 жылы – 1026,2 млрд теңгені құрайтын болады, бұл 2009 жылымен салыстырғанда тиисінше 13,5 және 26,2 пайызға көп.

Сонымен қатар, отбасы, ана мен бала институтын нығайту жөнінде жұмыстары да жалғасын табады. Ағымдағы жылы төртінші және одан кейінгі балалар үшін біржолы жәрдемақы мөлшері 30 АЕК-тен 50 АЕК-ке дейін, ал бала күтімі жөніндегі ай сайынғы жәрдемақы мөлшері орта есеппен 1,3 ессе арттырылды.

Осы жылдан бастап әлеуметтік төлемдердің жаңа түрі – мугедек балаларды тәрбиелеп отырган ата-аналарға, қамқоршыларға берілетін жәрдемақы енгізілді, оның мөлшері бір ең төмен жалақыны (14 952 теңге) құрайды.

Көп балалы аналарды «Алтын алқа», «Күміс алқа» белгілерімен марапаттаудың шарттары өзгерілді. «Алтын алқа» белгісімен жеті (бұрын – он және одан да көп) және одан да көп баласы бар аналар, «Күміс алқа» белгісімен алты (бұрын – сегіз) баласы бар аналар марапатталатын болды. «Алтын алқа», «Күміс алқа» белгілерімен марапатталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана данқы» ордендерімен марапатталған көп балалы аналарға берілетін арнаулы мемлекеттік жәрдемақылардың мөлшері 1,7 есеге өсті. 2015 жылға қарай мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері 2010

жылымен салыстырғанда 1,2 ессе арттын болады.

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына дайындалу және оны мерекелеуге қатысты ардагерлерді әлеуметтік қолдаудың косымша шаралары қабылданады. 2010 жылғы 1 қантардан бастап ай сайынғы арнаулы мемлекеттік жәрдемақылардың мөлшері: Кеңес Одағының Батырларына, үш дәрежелі Данк орденінің иегерлеріне 15 айлық есептік көрсеткіштен 130 айлық есептік көрсеткішке (АЕК) немесе 183690 теңгеге дейін; Ұлы Отан соғысының қатысушылары болып табылатын Социалистік Еңбек Ерлеріне – 15-тен 70 АЕК немесе 98910 теңгеге дейін арттырылды.

Бұл мақсатқа республикалық бюджеттен барлығы 4,8 млрд теңге белгінеді.

Әлеуметтік-сінбек саласында қабылданатын шаралардың барлығы Қазақстан халқының тұрмыс деңгейін жаксартуға ықпал етеді. Осы бағдарламалармен қатар, кедейшілік және жұмыссыздық деңгейін төмендетеу үшін келесі шараларды қолдану қажет.

Кедейшілік деңгейін төмендетеудегі мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар:

– халықтың еңбекпен қамтуды көтеру мақсатында облыс экономикасын өсіруді қамтамасыз ету үшін ықпалдырақ шаралар қабылдау;

– қолданылып жүрген нормативтер негізінде әлеуметтік салалар қызметтерімен (білім, деңсаулық сактау, мәдениет және спорт) облыс халқын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау;

– алғашқы медициналық көмек көрсетуге, базалық білім беруге, атаулы көмек көрсетуге бағытталған қаражаттардың мақсатты жұмсалуына бақылауды күшейту;

– ауылдық жерлердегі әлеуметтік салалар объектілерін ашуға жәрдемдесу;

– кедейшілікті төмендете мәселесі бойынша мемлекеттік органдар мен мұдделі қоғамдық бірлестіктер арасында өзара байланыс тәжірибесін енгізу;

– buquerqueлдік аппарат құралдарын, оның ішінде жеке меншік, кедейшілікті төмендетеудегі онды тәжірибелерді насиҳаттауға қатыстыру.

Кедейшілік деңгейін төмендетеудегі үкіметтік емес ұйымдардың және қосіподактардың жұмысын жетілдіру шаралары:

– мұқтаж болғандардың жарамды санына негізделген кедейлерді қолдауға деген бюджеттік қажеттіліктер қалыптастырудың үкіметтік емес ұйымдардың қатысын қамтамасыз ету;

– Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» 2001 жылдың 17 шілдесінде шықкан Занына сәйкес аймактар экімдерімен құрылған участекілік комиссиялардың құрамына үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерін міндетті түрде ендіру;

– үкіметтік емес жастар ұйымының қатысуымен білім сапасы аймағында зерттеу жүргізу.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Казахстанская правда. 10 марта 2010 года. № 88.
2. Сайт акима Карагандинской области // <http://ru.government.kz/site/news/2009/05/113>.
3. Интервью министра труда и социальной защиты населения РК Г.Абылхановой // <http://ru.government.kz/documents/publications/251>.
4. Статистические материалы РК // Банки Казахстана. № 1. 2010 г.